

17 Жапырақтың ішкі құрылысы

Жанаспалы жасушалар

Бүйрек пішінді бір-бірімен жанасқан 2 жасуша. Жанасқан жерінде саңылауы бар, ол бірде ашылып, бірде жабылады. Саңылау арқылы жапыраққа ауа енеді. Атмосфераға су буы, оттегі және көмірқышқыл газы шығарылады. Жанаспалы жасушада хлорофилл дәндерінде күн сәулесінен қант түзіледі.

Бағаналы және борпылдақ жасушалар

Бағаналы жасушалар жарық мол түсетін үстіңгі өңнің астына жанаса жатады. Жасушалары тығыз орналаспай арасында кеңістіктері болса – *борпылдақ жасушалары* деп аталады. Жапырақ жүйкелері де осы қабатта. Су мен минералды заттар жапыраққа жүйке арқылы өтеді.

Жарықта және көлеңкеде өсетін жапырақтар

Күн сәулесі мол түсетін жерлерде өсетін өсімдіктердің жапырақтарында бағаналы жасушалар 2-3 қатар болып орналасқан. Жанаспалы жасушалар саны да көп. Көлеңкеде өсетін өсімдіктердің жапырақтарында бағаналы жасушалар 1-2 қатар немесе тіпті болмайды. Хлоропластары ірі, хлорофилдері көп. Көлеңке сүйгіш өсімдіктер: шамшат, жөке, т.б.

Ылғалы аз, ылғалы мол өсімдіктер.

Ылғалы аз жердегі жапырақтар кішкене, бозғылт сұр түсті, тікенекке, қабыршаққа айналған. Ал ылғалы мол жапырақтың тақтасы ірі, айқын жасыл түсті.